

## Қайтыс болған адамдардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды Қазақстан Республикасына жіберу үшін ресімдеу Ережелерін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрінің 2000 жылғы 21 қарашадағы N 262 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 7 ақпанда тіркелді. Тіркеу N 1385. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің м.а. 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 08-1-1-1/669 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Сыртқы істер министрінің м.а. 30.12.2013 № 08-1-1-1/669 бұйрығымен.**

Қазақстан Республикасының қайтыс болған азаматтарының сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды Қазақстан Республикасына жіберу үшін ресімдеу процесін ретке келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қайтыс болған адамдардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды Қазақстан Республикасына жіберу үшін ресімдеу Ережелері б е к і т і л с і н .

2. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу күнінен күшіне енеді.

### *Министр*

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау істері  
Агенттігінің төрағасымен  
к е л і с і л д і

2001 жылғы 12 қаңтар

Қазақстан Республикасының  
Сыртқы Істер министрінің  
2000 жылғы 21 қарашадағы  
N 262

бұйрығымен бекітілді

## Қайтыс болған адамдардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды Қазақстан Республикасына жіберу үшін ресімдеу ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Осы Ережелер қайтыс болғандардың отбасы мүшелері мен туыстарының сұрауы бойынша Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің Қазақстан Республикасына жіберетін Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде қайтыс болған Қазақстан Республикасының азаматтарының, шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ тұлғалардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарды ресімдеудің тәртібін айқындайды.

2. Қайтыс болған адамның денесін тасымалдау үшін пайдаланылатын табыт марқұмның жеке басын сәйкестендіру үшін бас жатқан жердің деңгейінде қарауға арналған терезесі бар, ауа кірмейтіндей етіп дәнекерленген, металл табыт болуы тиіс. Табыт, көлемі Қазақстан Республикасының мемлекеттік стандартына сәйкес белгіленген ағаш жәшікке салынады.

3. Қайтыс болған адамдардың сүйегі салынған табыттар мен сауыттарға Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің сургуч мөрлері қойылады, ал олар болмаған жағдайда, болу мемлекетінде Қазақстан Республикасының мүдделерін көрсететін мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің мөрлері қойылады.

4. Табытпен немесе сауытпен бірге төмендегі құжаттар жіберіледі:

- 1) қайтыс болуы туралы дәрігерлік анықтама;
- 2) қайтыс болған адамда індет ауруларының болмағандығы және қайтыс болған адамның мәйіті әкетілетін елді мекенде шығу тегі бактериялық немесе вирустық жұғу қабілеті жоғары індет ауруларының (оба, тырысқақ, антракс, сары безгек және Ласс, Марбург, Мачупо, Эболалардың вирустық қан құйылу безгектері, маймылдардың шешегі) жоқтығы туралы және қайтыс болған адамның мәйітін Қазақстанға апаруға берілген рұқсат туралы анықтамалар;
- 3) Табытта немесе сауытта бөгде заттардың болмауы туралы анықтама;
- 4) Егер ол жасалса және оны алудың мүмкіндігі болған жағдайда, өлікті сойып ашу хаттамасынан көшірме.

Осы тармақтың 2) тармақшасында көрсетілген құжат сауытты жіберу кезінде т а л а п е т і л м е й д і .

Осы тармақтың 1), 2), 4) тармақшаларында аталған құжаттарды болатын мемлекеттің медициналық мекемелері береді және олар мемлекеттік немесе орыс тіліне аударылып, Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің мөрімен, ал олар жоқ болған жағдайда, болу мемлекетінде Қазақстан Республикасының мүдделерін көрсететін мемлекеттің дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелерінің мөрлерімен расталуы т и і с .

Бөгде заттардың болмауы туралы анықтама (осы тармақтың 3-тармақшасы) дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемеде толтырылады.

Жоғарыда аталған құжаттар сенімхаты болуы тиіс бірге жүретін адамға беріледі, ал ол болмаған жағдайда, табытпен бірге, авиа жүк құжатына олардың тізбесі енгізіле отырып, жіберіледі.

Сенімхатты Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдігі немесе консулдық мекеме береді.

5. Қайтыс болуы шығу тегі бактериялық немесе вирустық жұғу қабілеті жоғары індет ауруларына (оба, тырысқақ, антракс, сары безгек және Ласс,

Марбург, Мачупо, Эболалардың вирустық қан құйылу безгектері, маймылдардың шешегі) байланысты емес және қайтыс болуы кезінде індет аурулар тіркелмеген елді мекенде болған адамның табытымен бірге оның заттары жіберілетін болса, олар үшін (заттарға) авиа жүк құжатына енгізілетін тізбе 3 данада әзірленеді.

6. Қайтыс болған адамның жұмыс орнына (немесе Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Консулдық қызмет департаментіне) төмендегі мәліметтер беріле отырып, шұғыл ақпарат жіберіледі:

1) қайтыс болған адамның фамилиясы, есімі, әкесінің аты және туылған жылы ;

2) табытты жіберу күні;

3) ұшақ рейсінің нөмірі;

4) бірге жүретін адам болған жағдайда, оның фамилиясы, есімі, әкесінің аты;

5) Қазақстан Республикасындағы қайтыс болған адам тұрған мекен-жай;

6) Қазақстан Республикасындағы қай пунктке дейін табыт жіберілді.

7. Қайтыс болуы шығу тегі бактериялық немесе вирустық жұғу қабілеті жоғары індет ауруларынан (оба, тырысқақ, антракс, сары безгек және Ласс, Марбург, Мачупо, Эболалардың вирустық қан құйылу безгектері, маймылдардың шешегі) болған немесе қайтыс болу кезінде осындай індет аурулары тіркелген елді мекенде болған адамның мәйітін апаруға болмайды.

8. Қайтыс болуы шығу тегі бактериялық немесе вирустық жұғу қабілеті жоғары індет ауруларынан (оба, тырысқақ, антракс, сары безгек және Ласс, Марбург, Мачупо, Эболалардың вирустық қан құйылу безгектері, маймылдардың шешегі) болған немесе қайтыс болу кезінде осындай індет аурулары тіркелген елді мекенде болған адамды оның отбасы мүшелері немесе туыстары Қазақстан Республикасында жерлегісі келсе, қайтыс болған адамның мәйітін өртеу арқылы топырағы салынған ыдысты Қазақстан Республикасына әкелу ұсынылады.

9. Қайтыс болуы шығу тегі бактериялық немесе вирустық жұғу қабілеті жоғары індет ауруларынан (оба, тырысқақ, антракс, сары безгек және Ласс, Марбург, Мачупо, Эболалардың вирустық қан құйылу безгектері, маймылдардың шешегі) болған немесе қайтыс болу кезінде осындай індет аурулары тіркелген елді мекенде болған адамның заттары, дезинфекция мен дезинсекцияның қолданылған әдістері бірге берілуі тиіс анықтамада көрсетіле отырып, дезинфекциядан және дезинсекциядан өткізілуі тиіс.

10. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі санитарлық-карантиндік пункттердің мамандары Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасынан өту пункттерінде осы Ережелерде көрсетілген ілеспе құжаттардың сәйкестігін бақылайды Р940579\_ .

11. Осы Ережелердің талаптарына ілеспе құжаттардың сәйкессіздігі кезінде Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау істері жөніндегі агенттігі

санитарлық-карантиндік пункттердің мамандары тиісті құжаттарды алу мүмкіндігі туралы мәселені шешеді немесе мәйітті тасымалдау мен жерлеудің тәртібін анықтайды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК